

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Педагогикалық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Педагогическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

---

**№ 4 (2020)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**  
**Торайгыров университета**

**Педагогическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPYU00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области педагогики,  
психологии и методики преподавания

**Подписной индекс – 76137**

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Бегентаев М. М.

*д.э.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Ответственный секретарь

Пфейфер Н. Э., *д.п.н., профессор*

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Абибуллаева А.,

*д.п.н., профессор*

Бурдина Е. И.,

*д.п.н., профессор*

Жумагаева Е.,

*д.п.н., профессор*

Фоминых Н. Ю.,

*д.п.н., профессор (Россия)*

Снопкова Е. И.,

*к.п.н., профессор (Белоруссия)*

Мирза Н. В.,

*д.п.н., профессор*

Донцов А. С.,

*доктор PhD*

Шокубаева З. Ж.,

*технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/NKBF8791>**М. Б. Абишева<sup>1</sup>, О. Г. Тавстуха<sup>2</sup>, Т. Ы. Кеншінбай<sup>3</sup>**

<sup>1,3</sup>Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,  
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.;

<sup>2</sup>Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университет,  
Орынбор қ., Ресей Федерациясы

**БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҮШТІЛДІЛІК БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Бұл мақалада қазіргі таңда қоғам алдында жаһандану үдерісінде бәсекеге қабілетті көптілдік құзыреттілігі жетілген маман даярлау мәселесі жайында айтылған. Орта мектептерде көптілділікті қалыптастыру үшін сол жерде білім беретін мамандардың кәсіби дайындығы маңызды екендігі сөзсіз. Осы тұрғыда қазіргі таңдағы еңбек нарығында бәсекеге қабілетті педагог мамандардың көптілділік құзыреттілігін дамыту, қоғам қажеттілігіне сай кәсіби тұлғаны дайындау еліміздің білім беру жүйесіндегі шешімін таппай келе жатқан өзекті мәселелердің бірі айтылғын. Биологиялық білім беру мәселелерімен айналысқан ғалымдардың еңбектеріне жасалған кейбір талдаулар жайында ақпараттар көрсетілген. Көп мәдениетті және көпұлтты ортада белсенді және еркін өмір сүруге қабілеті мол, өзге мәдениеттерді түсініп құрметпен қарайтын, толерантты өмір сүруге дағдыланған, құзыретті маман иесін тәрбиелеу мақсатында көптілді білім беру өте маңызды мәселелердің бірі көрсетілген. Заманауи технологиялардың қарыштап дамыған қоғамында көптілділік кеңінен таралған феномен болып табылады. Ғаламдағы халық санының айтарлықтай бөлігі күнделікті өмірде тарихи, қоғамдық немесе экономикалық жағдайларға байланысты екі немесе бірнеше тілдерде сөйлейді. Көптілді білім беру-көпмәдениетті индивидті қалыптастырудың нақты қадамы. Аудармасыз оқыту көптілділікті қалыптастырудың содан кейінгі сатысы.*

*Кілтті сөздер: білім, дамыту, құзыреттілік, көптілділік.*

**Кіріспе**

ЖОО-дағы білім берудегі негізгі мақсаты бүгінгі таңда болашақ маманның кез-келген жағдайда ұтымды шешім таба білетін, базалық білімін

жетілдіре отырып жүйелі және мақсатты түрде дамитын, құзыреттілігі қоғамдық қажеттілікке сай тұлғаны қалыптастыру болып келеді.

Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасында: жоғары оқу орындарын бітірушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар түрінде белгіленген қоғамымыздың жана әлеуметтік тапсырыстары, өз кезегінде оқыту бағдарламаларын өзгертуді сондай-ақ студенттердің алатын білім сапасын көтеріп, бүгінгі күнге сай кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа технологияларын енгізуді көздейді, – деп көрсетілген [1]. Мұның өзі жоғары оқу орнында болашақ мамандардың көптілдік құзыреттілігін қалыптастыруда қазіргі қоғам сұранысына жауап беретін, нарық бәсекесіне түсе алатын, жан-жақты дамыған білімі мен білігі толық қалыптасқан маман дайындауды міндеттейді.

**Зерттеудің нысаны:** үштілділік білім беру мәселелері

**Зерттеудің пәні:** Оқытудың теориясы мен әдістемесі

**Мақсаты:** Студенттерінің үштілде білім беру жағдайында жоғары оқу орнында биологияны оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін дамыту жолдарын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан айқындау және эксперимент негізінде дәлелдеу.

**Міндеттері:**

– ғылыми-әдіснамалық әдебиеттерге талдау жасау негізінде көптілді білім берудің, болашақ маманның көптілділік құзыреттілігінің философиялық, психологиялық-педагогикалық аспектілерін айқындау және факторлерін нақтылау;

– Үштілде білім берудің теориялық-әдіснамалық негізін айқындау

**Зерттеудің әдістері мен нәтижесі:**

Зерттеу мәселелері бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерге, сонымен қатар биология пәні бойынша тұжырымдама, білім беру стандарттына, оқулықтар мен әдістемелік құралдарға теориялық талдау жасау. Замануи тілдік жағдаятты педагогикалық талдау негізінде үштілді білім беруде болашақ педагогтарды оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін айқындауға болады [2].

Жалпы алғанда «білім» терминінің мағынасы әлеуметтік маңыздылығы бар жүйе ретінде төрт аспектіде қарастырылады.

1) білім құндылық есебінде; 2) білім жүйе есебінде; 3) білім үдеріс есебінде; 4) білім қорытынды ретінде. Барлық осы аталған аспектілер бір-бірімен тығыз байланысты және тұтас бір ұғымды береді. Білім берудегі қоғамдық тапсырыс термині алғаш рет 1970 жылдары ғылымға ене бастады. Қоғамдық тапсырыс ұғымын қоғамның қажеттілігін өтеуге негізделген

белгілі бір білім беру қызметінің қоғам үшін толықтай немесе белгілі бір өлшемде өзектілігін көрсетуге қолданды. «Қоғамдық тапсырыс» және «Оқыту мақсаты» ұғымын тану теориялық талдама мен практикалық жүзеге асыруды логикалық тұрғыдан сараптау қажет болғандықтан 1990 жылдары қолданысқа енді. Осыдан бастап қоғамдық тапсырыспен мемлекеттік тапсырыс ұғымы білім беру жүйесінде қалыптасты, дегенмен қоғамдық тапсырыс ұғымы білім берудің сапалық деңгейіне мән беретін қажеттілік ретінде қаралды [3].

Білім философияның маңызды міндеті – ұзақ перспективаға есептелген білім беру стратегиясының базалық принциптерін жасау. Білім беруді құндылық ретінде қарастырудың өзі үш блоктан тұрады: 1) білім бері мемлекеттік құндылық ретінде; 2) білім беру қоғамдық құндылық ретінде; 3) білім беру тұлғалық құндылық ретінде. Білім беру мен тұлғаның дамуын ұштастыру тәжірибелері бар. 1) Біз нені оқып үйренуіміз керек? 2) Біздің қалай оқып үйренуіміз тиімді? 3) Нені оқып жатқанымызды қалай біле аламыз? деген сұрақтар төңірегінде ұйымдастырылғаны тиімді болады. Білім философиясының арнайы ғылыми сала ретінде бөлініп шығуына себеп болған маңызды негіздерге мыналар жатады: 1) білім берудің технологияларының өзгеруі; 2) білімнің көлемінің өсуі; 3) қоғам мен оқу-білім саласы арасындағы қайшылықтардың тереңдей түсуі. Білім философиясында білімділік идеясы, білім берудің мақсаты, білім беретін жүйелердің тарихы сияқты маңызды педагогикалық сұрақтар талқыланады. Жаһандық адамзаттық құндылықтарды білім саласына трансформациялау – оқу-білім философиясының негізгі міндеттерінің бірі [4]. Білім философиясының зерттеу объектісі ретінде «Білім беру – бұл құндылық» және «оқу-білім саласындағы құндылықтар» деген екі доктринаның ара салмағы мен байланысы мәселесін де алуға болады. Сондай-ақ, социум және білім беру салаларының даму параметрлерінің түйілістіруі мәселесі де - білім философиясының зерттеу нысаны. Білім берудің мазмұны қоғамның негізгі салаларымен детерминацияланады. Мәдени-әлеуметтік орта оқу-білім жүйесіне прогностикалық фон бола алады, әрі мәдени-әлеуметтік орта білім жүйесінің нәтижелерін тұтынушы да бола алады [5].

Қазіргі таңда қоғам алдында жаһандану үдерісінде бәсекеге қабілетті көптілдік құзыреттілігі жетілген маман даярлау мәселесі көтеріліп отыр.

Тілдерді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың ең өзекті бағыттарының бірі де бірегейі болып табылады. Тіл мәселелерін оңтайлы шешу – ұлтаралық қатынастар үйлесімділігінің, халық бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтудың түпқазығы екені анық [6].

Елбасы Н. Ә. Назарбаев ұсынған «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасының негізгі басымдықтары бар. Оларды Елбасы өзінің 2012 жылғы Жолдауында бекітіп берді: «Қазақ тілі – рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынның тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде екендігі айқын. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады. Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйыстыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі». Елбасымыз елдің болашағы жасампаз ұрпақ қолында екенін баса айта отырып, дүниежүзілік білім кеңістігінде еркін самғайтын ұрпақ тәрбиелеуіміз үшін кемінде үш тілді толық меңгерген тұлға қалыптастыру қажеттігін өз жолдауында баса айтты [7].

Көпұлтты және көпмәдениетті ортада өзін толыққанды тұлға ретінде қалыптастыра білетін, еркін өмір сүруге мүмкіндігі мол, көпмәдениеттілікке құрметпен қарай білетін, бейбітшілікте және ынтымақтастықта өмір сүруге дағдыланған, нарықтық бәсекеде құзыреттілігі дамыған маман дайындау мақсатында көптілді білім беру өзекті мәселелердің бірі де бірегейі болып отыр [8–9].

Ғылыми әдебиеттерде «үштілді білім беру - білім ошақтарында оқыту пәндерін екі немесе одан да көп тілде аудармасыз игерту. Дегенмен де, жаратылыстану білім негіздерін игеру келешектегі басты мақсат болғандықтан, көптілділіктің маңыздылығын кеңінен насихаттап, білім беру стандартының мазмұнын түгелдей түсіндіру, нәтижеге бағытталған алдыңғы қатарлы оқыту әдістемелерін қалыптастыруды қажет етсе тәжірибеде аудармасыз оқыту түгелімен оң нәтиже беріп отыр деп айту қиын. Аудармасыз оқыту көптілдікті қалыптастырудың содан кейінгі сатысы [10]. Яғни бұл жөнінде айтпағымыз, егер бірден аудармасыз оқытудан бастайтын болсақ, білімде де, көптілділік үрдісінде де ілгері жылжи алмауымыз мүмкін. Осы төңіректе төмендегідей іргелі зерттеулерге сүйенуге болады, олар:

– таным теориясы мен логиканың, диалектиканың бірлігі (Әбділдин М. Ж., Кедров Б. М., Копнин П. В. т.б.);

– материалистик диалектика категориясының жүйесі (Нысанбаев А. Н., Георгиев Ф. И. т.б.);

– тарихи және логикалық өзарақатынас (Алексеев М. Н., Спиркин А. Г. т.б.);

– теориялық жүйені құру ұстанымы (Голованов В. Н., Хасанов М. Ш. т.б.).

ҚР Жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сай, қазіргі бітіруші коммуникативтік және ақпараттық құзыреттілігі жетілген, рухани адамгершілік, полимәдениетті, халықаралық қатынастар мәдениетінің жоғарғы деңгейін қалыптастырған, өз елінің құндылықтарын бағалайтын, көптілділікті меңгеруге деген қызығушылық танытқан, сана-сезімі толық қалыптасқан индивид. Отанымыздың білім ошақтарындағы білім беру процесінде үштілдікті дамытудың негізгі тұжырымдары еліміздің нарықтық бәсекедегі адами капиталының үштұғырлы тілді қолдана алатын ел болып қалыптасуы. Осы тұрғыда білім беру жүйесінде де атаулы өзгерістер орын алууда. Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде жүргізу жұмыстарының кезеңдері жоспарланып, материалдық-техникалық базасы жасақталып, болашақ мамандар даярлау жұмыстары жүргізілуде. Негізгі мәселе орта мектептерде осы жоспарды жүзеге асыратын ЖОО бакалавр педагогтардың шетел тілін меңгеруін қалыптастыру факторы болып табылады. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі мақсат ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, ЖОО бітіруші түлектерінің бойында негізгі кәсіби құндылықтарды халықаралық стандарттармен сәйкестендіре мемлекеттік тілдермен қатар шетел тілін меңгеру құзыреттілігін дамыту болып табылады.

Орта мектептерде жүргізілетін әрбір пән қалыптастырумен қатар оның шығармашылық өрісін кеңейтуді мақсат тұтады. Заман талабына сай қазіргі кезеңдегі білім алушының қанатын қомдайтын ұстаз мәдениеттілік, шығармашылық және инновациялық тұрғыдан сын тұрғысынан ойлау қабілеті қалыптасқан, бірнеше тілде сөйлей білетін құзыреттілігі қалыптасқан маман болуы қажет. Қарыштап дамыған технология мен жаһандану қоғамында болашақ ұрпақты көпмәдениеттілікке бейімдеу үдерісі белең алғанын аңғаруға болады.

Осы күні үштілді білім беру – оқу ошақтарындағы пәндерді бірнеше тілдерде ұштастыра білім беру, болашақ ұрпағымыздың дүниежүзілік білім ғаламында қарыштап қанат қағуына кепіл болатын, ғаламдық білім құпияларына терең зейін аударып, өз қабілетін кеңінен көрсетуге мүмкіндік беруші басты механизм. Көптілділік-жан-жақты жетілген өресі биік көп мәдениетті тұлғаны дайындаудың басты шарты. Бүгінде тұлғаның нарықтық қатынаста бейімделу көрсеткіші индивидтің өзін-өзі тұлға ретінде дамуына, нарықтық бәсекелестікке қабілеттілігіне және өзіне сенімділігі мен ұтқыр ойлылығына тәуелді.

Заманауи технологиялардың қарыштап дамыған қоғамында көптілділік кеңінен таралған феномен болып табылады. Ғаламдағы халық санының айтарлықтай бөлігі күнделікті өмірде тарихи, қоғамдық немесе экономикалық

жағдайларға байланысты екі немесе бірнеше тілдерде сөйлейді. Бұлар отаршылдықтың салдарынан көпұлттық жағдайда өмір сүріп жатқан елдер немесе экономикалық тығыз қарым- қатынас яғни, жаһандану себебінен тілдік орта қалыптасу салдарынан орын алып отыр. Көпмәдениетті және көпұлтты ортада белсенді және еркін өмір сүруге қабілеті мол, өзге мәдениеттерді түсініп құрметпен қарайтын, толерантты өмір сүруге дағдыланған, құзыретті маман иесін тәрбиелеу мақсатында көптілді білім беру өте маңызды мәселелердің бірі [11].

### **Қорытынды**

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі негізгі мақсаттардың бірі Елбасымыздың жолдауларында алдымызға міндет етіп қойған қоғам қажеттілігі болып отырған үштұғырлылықты меңгеру болып отыр. Орта мектептерде көптілділікті қалыптастыру үшін сол жерде білім беретін мамандардың кәсіби дайындығы маңызды екендігі сөзсіз. Осы тұрғыда қазіргі таңдағы еңбек нарығында бәсекеге қабілетті педагог мамандардың көптілділік құзыреттілігін дамыту, қоғам қажеттілігіне сай кәсіби тұлғаны дайындау еліміздің білім беру жүйесіндегі шешімін таппай келе жатқан өзекті мәселелердің бірі. Мұның негізгі себебі қазақ тілді оқу топтарына арналған оқулықтардың жеткіліксіздігі және мамандықтар бойынша «Кәсіби бағытталған шетел тілі» пәнінен оқулықтардың тапшылығы. Оқулықтар болғанмен де Россия баспаларынан шыққан көне жылдардағы уақыт ағымынан қалып қойған оқулықтар. Сонымен қатар, ЖОО-дағы «Жаратылыстану» бағыты бойынша оқытушылардың тілдік құзыреттілігінің жетіспеушілігі де тұсау болуда. Биологиялық білім беру мәселелерімен айналысқан ғалымдардың еңбектеріне жасалған талдаулар биологияны оқытуды жетілдіруді, оқытудың инновациялық тәсілдерін қарастыруды қажететеді.

Жаһандану және киберкеңістікке шыққан заман болашақ педагог мамандарға тілдерді білуді талап етеді. Көптілділік- нақтылы коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш тілді меңгеру немесе одан да көп тілде сөйлей білу. Көптілді білім беру-көпмәдениетті индивидті қалыптастырудың нақты қадамы. Заманауи қоғамда көптілділік қажеттілігінің маңыздылығын орнықтыруда ЖОО болашақ педагогтардың ақпараттық-коммуникативтік біліктілігімен қатар көптілділік құзыреттілігіне машықтандыру мәселелері өзекті болып отыр.



**Пайдаланған деректер тізімі**

1 **Құнанбаева, С. С.** Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования : Монография. – Алматы, 2014. – 208 с.

2 **Cenoz, J. and Gorter, D.** The modern language journal. – 2011. – 95(3). – P. 339–343.

3 Н. Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

4 **Кемп, С.** Defining multilingualism. – 2009. – P. 11–26.

5 **Буланкина, Н. Е.** Полиязыковое информационно-образовательное пространство. Методология. Проблемы. Технология. – Новосибирск : СО РАН, 1999.

6 **Майгельдиева, Ш. М., Калманова, А. К.** Полиязычие как инновационная идея и система обучения // Materials of the XI International scientific and practical conference, «Trends of modern science–2015»– Volume 13.

7 **Казахбаева, Д. М., Карбаева, Ш. Ш., Жумагулова, К. А.** Ключевые компетенции как ожидаемые результаты по образовательной области «Естествознания» // Білім-Образование. – 2005. – № 5. – Б. 59–63.

8 **Мынбаева, А. К.** Современное образование в фокусе новых педагогических концепций, тенденций и идей : Монография. – Алматы, Раритет, 2005. – 90 с.

9 **Құнанбаева, С. С.** Современное иноязычное образование : методологии и теории. – А., 2005. – 262 с.

10 **Равен, Джон.** Компетентность в современном обществе : выявление, развитие и реализация. – М., «Когито–Центр», 2002.

11 **Таубаева, Ш. Т., Лактионова, С. Н.** Дидактическая характеристика инновационного обучения и перспективы развития образования / Теоретические основы развития школьного образования в Казахстане. – Алматы, 1999. – 215 с.

**References**

1 **Kunanbaeva, S. S.** Komponentostnoe modelirovanie profissionalnogo inoiazыchnogo obrazovaniya : Monografiya. [Competence modeling of professional foreign language education : Monograph]. – Almaty, 2014. – 208 p.

2 **Cenoz, J. and Gorter, D.** The modern language journal. – 2011. – 95(3). – P. 339–343.

3 N. A. Nazarbaevtyń 2012 jylǵy 14 jeltoqsandaǵy «Qazaqstan-2050» strategiasy qalyptasqan memlekettiń jańa saiasi baǵyty atty Qazaqstan halkyna Joldaýy.

4 **Kemp, C.** Defining multilingualism [Defining multilingualism]. – 2009. – P. 11–26.

5 **Bulankina, N. E.** Poliazekovye informacionno-obrazovatelnoe prostranstvo [Multilingual information and educational space. Methodology. Problems. Technology]. – Novosibirsk : SO RAN, 1999.

6 **Maigeldieva, Sh. M., Qalmanova, A. K.** Poliazichie kak innovacionnaia ideia i sistema obuchenia. [Multilingualism as an innovative idea and training system]. In Materials of the XI International scientific and practical conference, «Trends of modern science – 2015». – Volume 13.

7 **Qazahbaeva, D. M., Qarbaeva, Sh. Sh., Jumagulova, Q. A.** Kliuchevye kompetencii kak ojidamyje rezýltaty po obrazovatelnoi oblasti «Estestvoznania» [Key competencies as expected results in the educational field of «Natural Science»]. In Bilim-Education. – 2005. – No. 5. – P. 59–63.

8 **Mynbaieva, A. K.** Sovremennoe obrazovanie v fokýse novyh pedagogicheskich koncepcii, tendencii i idei [Modern education in the focus of new pedagogical concepts, trends and ideas : Monograph]. – Almaty : Rarity, 2005. – 90 p.

9 **Kunanbaeva, S. S.** Sovremennoe inoiazychnoe obrazovanie [Modern foreign language education : methodology and theory]. – Almaty, 2007. – 262 p.

10 **Raven, John.** Kompetentnost v sovremennom obshestve; vyjavlenie, razvitie i realizacia. [Competency in modern society – identificasion, development and implementation]. – Moscow : «Kogito-Center», 2002.

11 **Taubaeva, Sh. T., Laktionova, S. N.** Didakticheskaja harakteristika innovacionnogo obyčhenia i perspektivy razvitiia obrazovania [Didactic characteristics of innovative teaching and prospects for the development of education] / Theoretical foundations of the development of school education in Kazakhstan. – Almaty, 1999. – 215 p.

Материал 15.12.20 баспаға түсті.

*М. Б. Абишева<sup>1</sup>, О. Г. Тавстуха<sup>2</sup>, Т. И. Кеншинбай<sup>3</sup>*

### **Проблемы образования при трехязычном обучении**

<sup>1,3</sup>Қызылординский университет имени Коркыт Ата,  
Республика Казахстан, г. Кызылорда;

<sup>2</sup>Оренбургский государственный педагогический университет,  
Российская Федерация, г. Оренбург.

Материал поступил в редакцию 15.12.20.

*M. B. Abisheva*<sup>1</sup>, *O. G. Tavstukha*<sup>2</sup>, *T. I. Kenshinbay*<sup>3</sup>

### **Problems of trilingualism in education**

<sup>1,3</sup>Korkyt Ata University,

Republic of Kazakhstan, Kyzylorda;

<sup>2</sup>Orenburg State Pedagogical University,

Russia Federation, Orenburg.

Material received on 18.12.20.

*В данной статье говорится о подготовке специалистов с развитой полиязычной компетентностью, конкурентоспособной в процессе глобализации. Для формирования полиязычия в средних школах, несомненно, важна профессиональная подготовка специалистов, предоставляющих образование на местах. В связи этим на современном рынке труда, развитие полиязычной компетентности конкурентоспособных педагогических кадров, подготовка профессиональной личности в соответствии с потребностями общества, является одной из актуальных проблем в системе образования страны. В данной статье авторы рассматривают новейшие научные и философские концепции проблемы сознания. В целях воспитания компетентного специалиста, обладающего способностью к активной и свободной жизни в поликультурной и многонациональной среде, уважительного отношения к другим культурам, привития толерантного образа жизни, воспитания компетентного специалиста, показана одна из важнейших проблем полиязычного образования. Многоязычие – широко распространенное явление в стремительно развивающемся обществе современных технологий. Значительная часть населения мира в повседневной жизни говорит на двух или более языках, в зависимости от исторических, социальных или экономических обстоятельств. Многоязычное образование – это конкретный шаг в формировании мультикультурной личности. Обучение без перевода – следующий этап становления многоязычия.*

*Ключевые слова: знание, развитие, компетенция, полиязычие*

*This article refers to the training of specialists with developed multilingual competence, competitive in the globalization process. For the formation of multilingualism in secondary schools, of course, the training of specialists providing education on the spot is important. In this regard, in the modern labor market, the development of multilingual competence*

*of competitive teaching staff, the training of a professional person in accordance with the needs of society, is one of the urgent problems in the country's education system. In this research the authors consider the latest scientific and philosophical concepts of the problem of consciousness. In order to educate a competent specialist with the ability to live an active and free life in a multicultural and multinational environment, to respect other cultures, to instill a tolerant lifestyle, to educate a competent specialist, one of the most important problems of multilingual education is shown. Multilingualism is a widespread phenomenon in the rapidly developing society of modern technology. A significant proportion of the world's population speaks two or more languages in everyday life, depending on historical, social or economic circumstances. Multilingual education is a concrete step in the formation of a multicultural personality. Learning without translation is the next stage in the development of multilingualism.*

*Keywords: knowledge, development, competence, multilingualism.*

Теруге 29.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 11.01.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,93 Мб RAM

Шартты баспа табағы 38,0.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3720

Сдано в набор 29.12.2020 г. Подписано в печать 11.01.2021 г.

Электронное издание

2,93 Мб RAM

Усл.п.л. 38,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3720

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)